

## «ПРОСТО БЭК-ОФИС» ЖШС ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

### 1. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

1.1. «Просто Бэк-офис» ЖШС Құпиялылық саясатында қолданылатын төменде көрсетілген терминдер мен ұғымдар келесі мағыналарға ие:

- 1) **Саясат және/немесе Құпиялылық саясаты** – «Просто Бэк-офис» ЖШС Құпиялылық саясаты;
- 2) **Просто Бэк-офис** – «Просто Бэк-офис» ЖШС
- 3) **ҚР** – Қазақстан Республикасы;
- 4) **Серіктес** - Просто Бэк-офис көрсететін қызметтерді тұтынушы және (немесе) әлеуетті тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.

5) **Аутсорсингтік компания** - Просто Бэк-офиспен жасалған шарттарға сәйкес және Сайт пен қосымшаны пайдалану туралы шартқа №1 Қосымшаға сәйкес тізімде белгіленген, бухгалтерлік, заңгерлік және басқа қызметтерді қоса алғанда, Серіктестерге аутсорсингтік қызметтерді ұсынатын заңды тұлға.

**Терминдер мен анықтамалар** осы Саясатта және Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартта белгіленген мағынада қолданылады. Қосымшада жұмыс істеу тәртібі, Серіктесті Қосымшада сәйкестендіру қосылу шарты болып табылатын Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартта белгіленеді, оған қосылу Қосымша мен сайтты пайдалану туралы шартты жасасу туралы Жария офертаны акцептілеу арқылы жүзеге асырылады

### 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. «Просто Бэк-офис» ЖШС Құпиялылық саясаты Қосымша мен Сайтты пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар туралы ақпаратты өңдеу және қорғау тәртібін белгілейді.

2.2. Саясат Қосымша мен Сайтты пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар туралы ақпараттың, сондай-ақ олардың дербес деректерінің оларға рұқсатсыз қол жеткізуден және таралудан тиісті түрде қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

2.3. Саясат Қазақстан Республикасы заңнамасының және Просто Бэк-офис ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді және Серіктестер туралы ақпаратты жинау, сақтау, тарату және қорғаумен байланысты қарым-қатынасты реттейді.

2.4. Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдалана отырып, Серіктес осы Құпиялылық саясатының талаптарымен келісетінін білдіреді. Серіктес осы Құпиялылық саясатының талаптарымен келіспеген жағдайда, Сайт пен Қосымшаны пайдалану дереу тоқтатылуы тиіс.

2.5. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания Серіктес туралы алынатын (жиналатын) ақпараттың дұрыстығын тексермейді.

2.6. Просто Бэк-офис Серіктеске кеңейтілген қарау тәжірибесі мен Серіктестің нақты қажеттіліктері мен мүдделеріне бейімделген қызметтерді ұсыну үшін cookie файлдарын қолданады. Кейбір cookie файлдары сіздің жүйеге кіріп, қалағаныңызды сақтай алуыңыз және біздің веб-парақшаның дұрыс көрсетілуі үшін қажет. Басқа cookie файлдары Сайтты пайдалану туралы құнды пікірлерді ұсынады, бұл бізге оның тиімділігін және қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2.7. Қосымша мен оның мазмұны кәмелет жасқа толмағандарға (18 жасқа толмаған тұлғалар) арналмаған және Просто Бэк-офис кәмелет жасқа толмаған тұлғаларға қызмет көрсетпейді. Бұған қарамастан Просто Бэк-офисінің Қосымшаға кіретін және оны пайдаланатын тұлғалардың жасын анықтау тәсілі жоқ. Егер кәмелет жасқа толмаған тұлға Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға жеке ақпаратын ата-анасының немесе қамқоршысының келісімінсіз ұсынса, ата-анасы немесе қамқоршысы Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға электрондық пошта мекенжайы бойынша жазбаша түрде немесе ресми Сайтта көрсетілген телефондар арқылы хабарласуы тиіс. Серіктес Қосымшаны пайдалануға бағытталған барлық әрекеттерді (жүктеу, орнату, тіркеу, авторизация, кіру, пайдалану) жүзеге асыра отырып, Саясаттың барлық талаптарын толық көлемде қабылдайды және ұсынатын деректерінің Саясатта сипатталған тәсілдермен және мақсаттарда өңделуіне өзінің ерікті келісімін береді. Егер Пайдаланушы Саясатпен келіспесе, ол жүктеуден және Қосымшаны кез келген пайдаланудан бас тартуға міндетті.

2.8. Серіктес Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға Қосымшада және/немесе Сайтта көрсетілген электрондық пошта арқылы деректерді өзгерту, толықтыру, өшіру қажеттігі және басқасы туралы жазбаша хабарлай отырып, Кабинеттегі өз деректерін басқара алады, сондай-ақ оны қызықтырмайтын сервистерді және функцияларды, соның ішінде cookie файлдарын пайдалануды өшіре алады.

2.9. Просто Бэк-офис және/немесе Серіктес ынтымақтастық және/немесе шарттарды орындау барысында аталған Тараптар және/немесе Аутсорсингтік компания іскерлік операцияны, басқа тараптың ережелерін немесе рәсімдерін, оның үлестес тұлғаларын, клиенттерін және контрагенттерін немесе басқа үшінші тұлғаларын, стратегияларды, әдістерді, үдерістерді, әзірлемелерді, ноу-хау, соның ішінде бағдарламалық жасақтамаларды,

компьютерлік материалдарды, соның ішінде деректер көздері мен нысандарын, деректер бар файлдарды, компьютерлік басып шығарылған материалдар мен бағдарламаларды және басқа компьютерлі материалдарды (ол сақталатын дерек көзіне қарамастан) сипаттайтын немесе оларға қатысты материалдарды және кез келген басқа ақпаратты қоса алғанда жария айналымда болмайтын мәліметтер мен материалдарға қолжетімділікті алуы мүмкін екенін мойындайды. Кез келген ішкі ақпарат толық немесе ішінара құпия ақпарат болып саналуы тиіс.

### **3. СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ**

3.1. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания жасалған шарттар аясында Серіктес алдындағы міндеттемелерін орындау, қызмет көрсету мақсатында Серіктес туралы ақпаратты, соның ішінде оның аты, тегі, әкесінің аты, электрондық поштасы, телефоны және басқа дербес деректерін, сондай-ақ кез келген басқа ақпаратты жинауды және өндеуді жүзеге асырады.

3.2. Дербес деректерді жинау, өндеу және қорғау келесі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен еркіндігін сақтау;
- 2) дербес деректерді өндеудің мақсаттары мен әдістерінің заңдылығы;
- 3) қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялығы;
- 4) дербес деректерді өндеу мақсаттарының дербес деректерді жинау кезінде белгіленген және мәлімделген мақсаттарға сай болуы;
- 5) дербес деректердің қауіпсіздігін және дербес деректерден тұратын өзара үйлеспейтін мақсатта құрылған деректер базаларының біріктірілуіне жол бермеуді қамтамасыз ету.

3.3. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания Серіктестің дербес деректерін жинауды және өндеуді оның келісімімен келесі мақсаттарда жүзеге асырады:

- 1) Шарттар аясында Серіктесті сәйкестендіру;
- 2) Серіктеске дербес қызметтерді ұсыну, соның ішінде Қосымшаға кіру арқылы;
- 3) Серіктеспен байланысу, соның ішінде Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның өнімдерін пайдалануға, қызмет көрсетуге, сондай-ақ Серіктестен келіп түскен сұратуларды өндеуге қатысты хабарламаларды, ұсыныстарды және ақпаратты жіберу.

3.4. Қосымшаны қолданған кезде Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания келесілерді қоса алғандағы, бірақ олармен шектелмегендегі деректерді жинай және өңдей алады: Серіктестің ЖСН, Серіктестің ТАӘ, мобильді телефон нөмірі, туған күні және/немесе жылы, электрондық пошта мекенжайы, IP адресі, кіру жүзеге асырылған мобильді құрылға туралы мәліметтер, Қосымшаға кіру күні мен уақыты, операциялық жүйе нұсқасы, құрылғының бірегей сәйкестендіргіштері, орналасқан жерінің геолокациясы, GPS деректері, сәйкестендіру мақсатында биометриялық деректері, cookie файлдары және басқасы. Серіктес келісім бергеннен кейін Қосымшаға Серіктестің геолокациясы (орналасқан жерін анықтау), телефон кітапшасындағы байланыс деректері, фотосуреттер галереясы, cookie файлдары, Серіктестің мобильді құрылғысының камерасы, Просто Бэк-офис жіберген SMS-хабарламадан растама кодын автоматты түрде енгізу үшін SMS хабарламалары қолжетімді болады.

3.5. Серіктестердің дербес деректерін және кез келген басқа құпия ақпаратын қорғау мақсатында Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания келесілерге міндеттенеді:

3.5.1. оған ынтымақтастық барысында сеніп тапсырылған немесе белгілі болатын Серіктестің құпия ақпаратын құрайтын мәліметтерді ашпауға;

3.5.2. Серіктестің келісімінсіз Серіктестің құпия ақпаратын құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға тапсырмауға және жарияламауға;

3.5.3. Серіктестің оның іскерлік серіктестері және клиенттерімен ынтымақтастығы талаптарымен байланысты ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтау;

3.5.4. Серіктестің Просто Бэк-офиспен және/немесе Аутсорсингтік компаниямен шарттық қатынастары тоқтатылған жағдайда, егер Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасында тікелей қарастырылмаса, Банк ұсынылған ақпаратты ішкі және сыртқы аудит, уәкілетті мемлекеттік органдардың тексерістері мақсаттары үшін (шектеусіз қоса алғанда) құпиялылықты қамтамасыз ететін шарттарды ұстана отырып сақтауы тиіс.

3.6. Серіктестің дербес деректері Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға Серіктестің келісімімен тапсырылады, Серіктестің дербес деректерін Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға және/немесе олардың қызметкерлеріне тапсыруы Серіктестің оның дербес деректерін тапсыруға, жинауға және өндеуге келісімін білдіреді.

Серіктес Просто Бэк-офистің, Аутсорсингтік компанияның Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның қызмет көрсетуді және немесе Қосымшаны пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыруы мақсатында автоматтандырылған немесе автоматтандырылмаған тәсілмен өндеу арқылы жинауын, жүйелендіруін, жинақтауын, сақтауын, нақтылауын (жаңартуын, өзгертуін), пайдалануын, иесіздендіруін, бұғаттауын, жоюын (жою туралы хабарландырусыз) жүзеге асыруын қоса алғанда оның дербес деректерін жинауына және өндеуіне, үшінші тұлғаларға оларды табыстауға, сондай-ақ Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға берілген дербес деректерін (соның ішінде электрондық пошта мекенжайын және телефон нөмірін) Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның қызмет көрсетуі мақсатында ақпарат алмасу үшін, сондай-ақ кез келген тәсілмен, соның ішінде электр байланысы желілері арқылы, атап

айтқанда, электрондық поштаға хабарлама немесе мобильді телефонға sms-хабарламалар жіберуі арқылы Просто Бэк-офистің және/немесе Аутсорсингтік компанияның арнайы ұсыныстары, акциялары, жарнамасы туралы ақпарат алу мақсатында пайдалануына өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

3.7. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания Серіктеспен (оның қызметкерлерімен және өкілдерімен) жасалған барлық қоңырауларды жазуға және Просто Бэк-офистің ішкі құжаттарымен және/немесе Аутсорсингтік компаниямен басқа мерзім белгіленбесе, мұндай жазбаларды 5 (бес) жыл бойы сақтауға құқылы.

#### **4. АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР**

4.1. Ақпарат келесі талаптардың біріне сай келсе, ол коммерциялық құпия және/немесе қолжетімділігі шектеулі дербес дерек ретінде бағаланбайды және Тараптардың ешбірінің мұндай ақпаратқа қатысты ешқандай міндеттемелері болмайды:

4.1.1. Серіктестің немқұрайлы, дұрыс емес немесе абайсыз әрекеті нәтижесінде жария болып табылатын немесе сондай болған;

4.1.3. шектеусіз және осы Саясатты бұзусыз үшінші тұлғалардан заңды түрде алынған;

4.1.4. үшінші тұлғаларға Серіктес берген;

4.1.5. Серіктестің жазбаша рұқсатымен таратуға және/немесе ашуға рұқсат берілген;

4.1.6. мұндай ашу тиісті мемлекеттік органдарға заң бойынша талап етіледі.

4.2. Серіктестің құпия ақпараты мен дербес деректерінің максималды қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания өз қызметінде келесі ережелерді ұстанады:

4.2.1. шарттық қарым-қатынастар себепті қол жеткізген Серіктестің құпия ақпаратынан тұратын мәліметтермен және құжаттармен ғана жұмыс істейді;

4.2.2. нақты қандай ақпарат қорғалуы тиіс екенін біледі;

4.2.3. Серіктестің құпия ақпаратынан тұратын мәліметтерді және құжаттарды пайдалану ережелерін мүлтіксіз сақтайды.

4.3. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания Серіктестің дербес деректерінің, сондай-ақ пайдаланушылардың төлем деректерінің (банктік карталарының нөмірлерін, банктік шоттар туралы деректер және т.б.) заңсыз немесе кездейсоқ қолжетімділіктен, жойылудан, өзгеруден, бұғаттаудан, көшірмелеуден, таратудан, сондай-ақ басқа заңсыз әрекеттерден қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында техникалық және ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды қабылдайды.

4.4. Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компания оған Серіктес ұсынған құпия ақпарат пен дербес деректерді сақтауға және (қажет болған жағдайда) оны Просто Бэк-офис және/немесе Аутсорсингтік компанияның қызметіне аудит жүргізу мақсатында пайдалануға құқылы.

4.5. Серіктестің дербес деректерін және/немесе құпия ақпаратын мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша беру ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

#### **5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ МЕРЗІМДЕРІ**

5.1. Серіктестің дербес деректері Сайттың және Қосымшаның электрондық тасымалдағышында мерзімсіз сақталуы мүмкін.

5.2. Серіктестің дербес деректері Серіктестің қалауымен, оның өтініші негізінде немесе Просто Бэк-офистің бастамасымен, себептерді түсіндірмей, Серіктес жариялаған ақпаратты өшіру арқылы жойылады. Серіктес қолданыстағы заңнамада қарастырылған мерзімде өзі туралы деректерді өшіру, өзгерту және/немесе қарауға сұрату жіберуге құқылы. Серіктес сұрату негізінде Просто Бэк-офистен және/немесе Аутсорсингтік компаниядан өзінің дербес деректерін өңдеуге қатысты ақпаратты алуға құқылы.

5.3. Серіктес Просто Бэк-офиске және/немесе Аутсорсингтік компанияға тиісті сұрату жіберу арқылы қажет емес қызметтерге жазылымдардың/жіберілімдердің күшін жоя алады.

#### **6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1. Саясат бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және оның күші жойылды деп танылғанға дейін қолданыста болады.

6.2. Просто Бэк-офис біржақты тәртіпте осы Саясатқа кез келген өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы, бұл ретте өзгертілген талаптардың Сайтта жариялануын қамтамасыз етеді.

6.3. Просто Бэк-офис ықтимал тәуекелдер мен қауіпсіз пайдалану талаптары бойынша, сондай-ақ желілік шабуылдар немесе Сайтты бұзу, (соның ішінде, бірақ шектелместен) техникалық себептермен болған Сайт жұмысындағы ақаулар үшін жауапты болмайды.

6.4. Құпия ақпаратты пайдалану «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

6.5. Құжат орыс және қазақ тілдерінде жасалды, шарттардың мәтіндерінде кез келген қарама-қайшылықтар болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

**«Просто Бэк-офис» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**«Просто Бэк-офис» компаниясының ресми сайты: <https://pbo.kz/>**

Орналасқан мекенжайы: компанияның ресми сайтында жарияланған  
БСН 180940010420

**Директоры А.В Ким**

